

**«Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасы» шаруашылық
жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
2024 жылғы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау аналитикалық анықтамасы**

Ақтау қаласы

30.07.2025 жыл

Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік – процестік кодексін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Құқықтық актілер туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бұйрықтары, өзге де Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерін, облыс әкімдігінің қаулыларын, Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрықтарын, «Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны туралы Жарғыны басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтарындағы № 21 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 16 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығына сәйкес Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасының бұйрығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесі құрамда жұмыс тобы құрылды.

№	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Валиева Ж.Т.	Директор орынбасары
2	Шомбалова Г.С.	Персоналды басқару қызметінің басшысы
3	Молдашева Д.	Статистик
4	Салхадинов А.К.	Мемлекеттік сатып алу жөніндегі бухгалтер
5	Телегенова А.Е.	Комплаенс - офицер

2. Есепті кезең

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі – 2024 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу 2025 жылғы 3 – 30 шілде аралығы.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Сипаттама бөлігі:

Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасының штаттық бірлігі 2024 жылдың аяғына 603,75 бірлікті құрады, оның ішінде дәрігерлер бірлігі – 140,75 (нақты саны - 75, қосалқы - 36), орта буынды медицина қызметкерлер бірлігі – 269,5 (нақты саны - 218), кіші медицина қызметкерлер бірлігі – 142,75 (нақты саны - 128) және өзге де қызметкерлер бірлігі – 50,75 (нақты саны - 38) құрады.

Басқару құрылымы бойынша 24 бөлімнен құрылған, басшылық құрам - 21 бірлік (*басшы - 1, басшы орынбасары - 3, бөлімше меңгерушісі - 15, бөлім басшысы - 2*), орындаушы құрам 450 бірлікті құрайды:

2024 жылы жұмысқа қабылдау, босату, тәртіптік жаза қолдану және оны мерзімінен бұрын алып тастау барысында Қазақстан Республикасының заңнамаларының нормалары бұзылмағаны анықталды.

Enbek.kz электрондық еңбек биржасы порталы арқылы бос жұмыс орындары туралы мәліметтер жарияланып отырады.

2024 жылы жұмысқа 89 маман қабылданды, оның ішінде: дәрігерлер саны – 17, орта буынды медицина қызметкерлер саны – 37, өзге мамандар саны - 35.

2024 жылы 86 адам өз бастамалары бойынша жұмыстан шықты, оның ішінде: дәрігерлер саны – 9, орта буынды медицина қызметкерлер саны – 42, өзге мамандар саны - 35.

2024 жылы жұмысқа қабылданғандар мен босатылғандар саны:

Жұмысқа қабылданғандар				Жұмыстан босатылғандар			
барлығы	дәрігер	ОБМҚ	өзгелер	барлығы	дәрігер	ОБМҚ	өзгелер
89	17	37	35	86	9	42	35

Тәртіптік жазаға тартылған қызметкерлер саны – 19, оның ішінде: ескерту – 13, сөгіс - 4, қатаң түріндегі тәртіптік жаза – 2.

2024 жылы тәртіптік жазаға тартылғандар саны:

Барлығы	ескерту	сөгіс	қатаң сөгіс
19	13	4	2

Кадр тұрақтылығын қамтамасыз ету:

Дәрігер мамандығының тапшылығын жою мақсатында 32 дәрігер жүктемемен жұмыс жасап отыр. Сонымен қатар, жұмысқа тартылған 36 қосалқы дәрігер бар (по совместительству).

Маңғыстау облыстық мәслихаты шешімі негізінде жергілікті бюджет есебінен Ақтау қаласына келген жас маман дәрігерлерге, 5 жыл өтеу мерзімімен 3 млн. тенге көлемінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

2024 жылы Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасына 3 жас маман дәрігер жұмысқа қабылданды.

3 дәрігер (нефролог, отоларинголог, КТ, МРТ дәрігері) 3 млн. тенге көлеміндегі әлеуметтік көмекті алды.

Орта буынды медицина қызметкерлері мен өзге мамандар бойынша тапшылық жоқ.

Дәрігер мамандардың тапшылығын жою мақсатында директордың дәрігер орынбасарларына негізгі жұмыстарына қосып үстеме ақы белгіленген.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-ші қосымшасында Ұйымдардың басшы-дәрігерлеріне және олардың дәрігер орынбасарларына өздері штатына кіретін ұйымдарда мамандығы бойынша жұмысты жүргізуге рұқсат берілген, осы қосымша жұмысқа тиісті мамандық дәрігерінің лауазымдық айлық ақысының 25 %-ына дейін төлеуге болады делінген.

Директордың дәрігер орынбасарлары негізгі жұмысына қосымша, мамандығы бойыншанауқастарды қарағанда, ем тағайындағанда зейінділікті, шыдамдылықты талап етеді, сонымен қатар, қабылдауға келген науқастарды қарау барысында уақытта көп кетеді.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-ші қосымшасында Ұйымдардың басшы-дәрігерлеріне және олардың дәрігер орынбасарларына өздері штатына кіретін ұйымдарда мамандығы бойынша жұмысты жүргізуге рұқсат беріледі. Тиісті мамандық дәрігерінің ЛА 25 %-ына дейін мөлшерде көрсетілген - делінген.

ҰСЫНЫС:

Қазіргі таңда Қазақстан бойынша дәрігер тапшылығын ескере отырып, тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету үшін, директордың дәрігер орынбасарларына мамандықтары бойынша, негізгі жұмысынан босатылмай қосымша жұмыс атқарғаны үшін лауазымдық айлық ақының 50 %-ына дейін төлеуге рұқсат етуге немесе қаулының 5-қосымшасындағы 1 тармағының 1-ші тармақшасына сәйкес Лауазымдарды қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймағының кеңейгені) үшін төленетін қосымша ақыны Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі талаптарымен сәйкестендіруді.

Мүдделер қақтығысы бойынша:

Ішкі талдау кезеңінде 2024 жылы қызметке тағайындау, жұмысқа қабылдау, сыйлық ақы беру кезеңдерінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттері бекітіліп, міндеттері әр бөлімінің бағытына қарай теңдей бөлінген. Мемлекеттік қызметшілермен лауазымдық міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысы орын алмаған.

Қызметкерлердің жеке ісіне Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ережесінің 2 қосымшасына сәйкес қызметкерлердің мүдделер қақтығысы бойынша міндеттемелері тігілмеген және 4-қосымшаға сәйкес Мүдделер қақтығысының туындағаны немесе туындау ықтималдығы туралы хабарламаларды тіркеу журналы жоқ.

ҰСЫНЫС: Персоналды басқару қызметінің қызметкерлеріне Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ережесімен таныстыруды және аталған кемшіліктерді жоюды.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 139 бабы 8 тармағының «Мемлекеттік кәсіпорын басшысының орынбасарларын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік кәсіпорын басшысының ұсынуы бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады» – делінген. Директор орынбасарларын Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы тағайындайды. Тағайындау алдында еңбек шарты жасақталады, жұмыс беруші Басқарма болып есептеледі.

Алайда директор орынбасарларының іссапар, демалыс, қызметтерін үйлестіруді және олардың лауазымдық міндеттерін бекіту емхана директоры актымен рәсімделіп отыр.

ҰСЫНЫС: «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 139 бабы 8 тармағына өзгеріс енгізуді. "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығымен қойылған біліктілік талаптарына сәйкес медициналық ұйым директорларына өз орынбасарларын тағайындау құзыреттілігін беруді.

Занды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау:

2024 жылы барлығы 67 өтініш түскен, оның ішінде: арыз – 49, шағым - 4, ұсыныс – 3, басқа (хабарлама, сұрау, жауап) - 11.

Өтініш қарау барысында мерзім бұзушылық анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсету:

Бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне өрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 2 қызмет түрі көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер түрлері:

- ✓ Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру
- ✓ Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру

2024 жылы төмендегідей кестеге сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсетілген:

№	Мемлекеттік қызметтер атауы	2024 жылы көрсетілгендер саны
---	-----------------------------	-------------------------------

1	Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру	18700
2	Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру	1446

Емдеу сауықтыру мәселелері бойынша:

Тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсету үшін, коммуналдық қызметтерге, қызметкерлердің жалықысына және медициналық бұйымдар мен дәрі-дәрмектер сатып алу үшін бюджеттен қаражат бөлінеді.

Алайда медициналық қызметтің барлық түрлеріне қаржы бөлінбейтіні анықталды. Мысалы: науқас ауруханаға түскен кезде негізгі диагнозымен бірге қосалқы (сопутствующий) диагнозын ауруларын емдейді, бірақ оған қосымша қаражат қарастырылмаған, сонымен қатар осы қосалқы диагнозымен айлап ұзақ уақыт ИВЛ (өкпені жасанды желдету) аппаратында жататын науқастарға шыққан шығын материалдар, сүзгілер, интубациялық түтіктер т.б. медициналық бұйымдар үшін төлем жоқ. Бұл дегеніміз мекемені кредиторлық берешекке және медициналық бұйымдарды мақсатсыз шығындануына әкеліп соғады.

ҰСЫНЫС: Негізгі диагнозына қоса, қосалқы диагноздыда емдеу үшін медициналық бұйымдарға қаражат бөлуді қарастыруды.

Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасының қабылдау бөлімшесі демалыс және мереке күндері тұрғындарға амбулаториялық-емханалық қызметте көрсетеді, мысалы: салынған гипсты алу, жарақаттағы ескі таңғыштарды ауыстыру, ескі жарақаттарды тазалау т.б.

Бұл жердеде медициналық бұйымдардың мақсатсыз пайдалауы орын алып отыр.

ҰСЫНЫС:Бастапқы медициналық санитариялық көмек көрсететін (емхана) медициналық ұйымдарда демалыс және мереке күндері травматологиялық пункттер қызметін ұйымдастыруды.

Мемлекеттік сатып алу: «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Бюджетті жоспарлау және қаржыны бөлу, игеру:2024 жылы тұрғындарға медициналық қызмет көрсету үшін "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалынан 3, 984 млрд. тенге қаражат сұратылды, олардың бергені 3,200 млрд. тенге.

2024 жылдың қорытындысы бойынша барлық бюджеттік бағдарламалары бойынша қаражат орындалысы 3,200 млрд. тенге (100%).

Медициналық техниканы есепке алу жүйесіне сәйкес медициналық техникамен жарақтандырылу деңгейі 98,3 % құрады

Рұқсат беру функцияларын іске асыру: «Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК рұқсат беру функциялары жоқ.

Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру:«Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК бақылау-тексеру функциялары іске асырылмайды.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:

Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы Кешенді медициналық ақпараттық жүйе (Комплексная медицинская информационная система), Ақпараттық техникалық платформа, 1С бағдарламасы «Ресурстарды басқару жүйесі» ақпараттық жүйесі. Құжат айналым, Е-Өтініш, интернет жүйесін қолдану қызметтері Маңғыстау облысы әкімдігі арқылы отырған.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасы қызметкерлеріне 2024 жылы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Маңғыстау облысы бойынша департаментінің өкілімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Заңына енгізілген өзгерістер туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасы басшылығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған.

2024 жылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жазаға тартылған қызметкерлер жоқ.

Жүргізілген талдау қорытындысымен Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкін деген оймен жоғарыда ұсыныстар енгізілді.

/Валиева Ж.Т.

/Шомбалова Г.С.

Молдашева Д.

Салхадинов А.К.

Телегенова А.Е.

